

Қазақстан Республикасы құрама командаларының спортшылары мен жаттықтырушыларын Паралимпиялық ойындардағы жоғары спорттық нәтижелері үшін материалдық ынталандырудың кейбір мәселелері туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 19 ақпандағы N 167 қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 4 ақпандағы № 53 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.02.2014 № 53 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасы құрама командаларының спортшылары мен жаттықтырушыларын - Паралимпиялық ойындарға қатысушыларды ынталандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы құрама командаларының бірінші - алтыншы орын алған спортшыларына, сондай-ақ олардың жаттықтырушыларына - мүшелеріне - Паралимпиялық ойындарға қатысушыларға жарыстарға қатысу қорытындылары бойынша біржолғы төлемдер Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі берілетін күнге белгілеген бағам бойынша мынадай мөлшерлерде және баламалы сомада **б е л г і л е н с і н :**

- 1-орын - 50 000 (елу мың) АҚШ доллары
- 2-орын - 35 000 (отыз бес мың) АҚШ доллары
- 3-орын - 25 000 (жиырма бес мың) АҚШ доллары
- 4-орын - 14 000 (он төрт мың) АҚШ доллары
- 5-орын - 6 000 (алты мың) АҚШ доллары
- 6-орын - 4 000 (төрт мың) АҚШ доллары.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі